



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 3/29

21 қаңтар



www.nstagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА

Қалалық әкімдіктің мәжіліс залында Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың қатысуымен апта сайынғы аппараттық жедел жиналысы болып өтті. Жиналысқа Приозерск қаласының әкімдігіне қарасты мекемелер және коммуналдық қызмет басшылары қатысты.

Жиналыста «Бизнес нысандардың (дүкендер) іші мен сырқы келбетін ретке келтіру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы» мәселе қарастырылды. Онда Приозерск қаласы Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ахан Жармаханұлы Жүсіпов және Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Серікбай Тұрсынбекұлы

Бұқпантаев баяндама жасап, есеп берді.

Ағымдағы сұрақтар: «жылыту маусымының өту барысы туралы» Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Т.Айдарханов, «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы туралы» А.Жүсіпов, «БАҚ және әлеуметтік желілерде жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыс туралы» Ішкі саясат бөлімінің басшысы Г. Шарбекова және «Жалақы бойынша берешек туралы» Приозерск қаласының әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Ұ.Алмас баяндады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ



Жуықта Приозерск қалалық мәслихатының VII сессиясы болып өтті. Оған қалалық мәслихат депутаттары, мекеме басшылары және баспасөз қызметінің өкілі қатысты. Сессияны мәслихат депутаты, уақытша комиссия төрағасы Светлана Борисовна Попченко жүргізді.

Сессияда төмендегі мәселелер қаралды: Приозерск қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы және «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы аппарат басшысы Ш.Б.Мақышева баяндады.

Приозерск қалалық мәслихатының 2019-жылғы 09-қаңтардағы № 27/267 «Приозерск қалалық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне

өзгерістер енгізу туралы және қалалық мәслихатының 2019-жылғы 09-қаңтардағы № 27/268 «Приозерск қалалық учаскелік сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізіп, комиссия құрамын сайлау туралы, сонымен қатар Приозерск қалалық округтік сайлау комиссиясының құрамын құру туралы уақытша комиссия төрағасы С.Б.Попченко баянама жасады.

Қалалық мәслихаттың VII сессиясына қала әкімнің орынбасары Д.Ш.Саденов және Приозерск қаласы әкім аппаратының жетекшісі А.Н.Исатаев қатысты.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ХАЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС



Қала әкімі Сапар Сатаевтың төрағалығымен қалалық әкімдіктің мәжіліс залында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заң жобасын түсіндіру бойынша кеңес өтті. Аталған кеңеске Приозерск қаласының кәсіпорын, мекемелер, ұйымдар басшылары және жауапты қызметкерлері, баспасөз өкілі қатысты.

Кеңесте Приозерск қалалық кірістер басқармасының басшысы Ерболат Болатұлы Джайков аталған заң жобасын түсіндіру бойынша баяндама жасады және талдау жасай отырып көпшілікке түсіндіріп берді. Бұл заң жобасы жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдерінің түрлерін, оларды қолдану негіздерін және басқа ережелерді көздейді. Заң ресми жарияланғаннан кейін 60 күн өткен соң, яғни 2023-жылдың наурызында күшіне енеді.

Рәсімдердің 3 түрі қарастырылған:

- соттан тыс банкроттық;
- сот банкроттығы;
- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Барлық үш процедураны тек борышкердің өзі бастайды, яғни несие берушінің борышкердің банкроттығын беруге құқығы жоқ. Соттан тыс банкроттықты тек банкрот, МҚҰ және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша келесі жағдайларда қолдануға болады: Қарыз 5,5 млн. теңгеден (1600 АЕК) аспайды және өтініш берілген күнге қатарынан 12 ай ішінде өтелмейді; Тіркелген мүлік, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік жоқ;

Мерзімі өткен берешекті банкрот реттеу жүргізілді. 6 ай бойы атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін-12 ай ішінде қарызды өтемеу кезеңінің бөлігінде шарт ескерілмейді. Егер қарыз 5 жылдан артық өтелмесе, жоғарыда аталған барлық шарттар ескерілмейді. Сот банкроттығы борышкерлердің мүлкі есебінен 5,5 млн.

теңгеден астам борыштар бойынша қолданылатын болады. Өтініштерді борышкерлердің тұрғылықты жері бойынша соттар барлық кредиторлар алдындағы борыштардың барлық түрлері бойынша қарайтын болады.



Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі сотта қарыздарды төлеуге бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін (5 жылға дейін), тұрақты табыс болған кезде көздейді.

Азамат банкрот деп жарияланғаннан кейінгі салдары:

- 1) 5 жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға тыйым салу;
- 2) қайта банкроттық 7 жылдан кейін ғана мүмкін болады;
- 3) банкроттықтан кейін 3 жыл ішінде банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетін болады.

Басшының баяндамасынан кейін кеңесқатысушылары тарапыны сауалдар қойылып, оған тиынақты жауап алды. Қала әкімі С.Қ. Сатаев кеңеске қатысқан осы мәселеге қатысы бар мекемелер басшыларына және орынбасарлары Д.Ш.Саденов пен С.Ж. Бейскеевке қала тұрғындарына түсіндіру шараларын жүргізуге тапсырма берді.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

АЛЫП ТҰЛҒА, БАЙСАЛДЫ...



Қазақ даласы қай заманда да, дарынды, ақылды адамдардан құр қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында да өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Бүгінгі өскелең ұрпақтың Қазақстан мәдениеті, ғылымы, рухани өмірі мен сол мәдениетті жасаушыларға деген қызығушылықтарының күн санап арта түсуінен де ұлтымыздың ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілігі мен құрметі анықталады. Сондай өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған есім – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Қонаев есімін біз Өзбекстан Республикасында тұрсақ та, есітіп, біліп, танып өстік. Өз.Р. бірінші хатшысы Шараф Рашидовты та халық сыйлағанымен, өмірінің ақыры қайғылы жағдаймен аяқталғанына елжұрт куә. Ал, Димаш ағамыз ұзақ жылдар жинаған абырой-беделімен, халқының құрметімен дүниеден өтті.

Д.А.Қонаев 1912-жылдың 12-қаңтарында Алматы қаласында дүниеге келді. «Балдаурен балалық шағым, қайран жастық дәуренім өткен осынау әсем қала мен үшін оттай ыстық. Әрине, балалықтың да, жастықтың да өз белгілері бар, қызығынан қиындығы басым сол бір кезеңнің біреу біліп, біреу

білмес, бірақ өзіме аян өмір жолы қандай болса, өзіммен бірге жасасқандай сезінетін бұл шаһардың да аса бай тарихы бар», - деп еске алып отырған ұлы тұлға. Д.А.Қонаевтың әкесі Меңліахмет Ысқақ Габдулұалиев атты көпестің қолында жалданып жұмыс істейтін, ал шешесі Зауре Байырқызы Шелек ауданының орталығында сіңірі шыққан кедейдің қызы. Ол үй шаруашылығымен айналысатын. Анасы сексен алты жасында дүние салды. Әкесі мен шешесі жетпіс жылдан астам уақыт бірге ғұмыр кешті. Жігіттің үш жұрты бар дейді ғой. Соның бірі – нағашысы. Дінмұхамед Ахметұлы нағашы ағасы А.Шымболатовтың есімін әрдайым құрметпен еске алатын. Ол кісі комсомолдың алғаш ұйымдастырушыларының бірі. Сондай-ақ Жетісу өңірінде, Верныйда Кеңес өкіметін орнату күресіне қатысқан азамат еді. Кейін Түркістан Компартиясы Алматы ояздық комитетінің хатшысы, Алматы қалалық парткомының, Жаркент ояздық комитетінің бірінші хатшысы болды.

Д.А.Қонаев Чернышевский атындағы № 19 мектептің бірінші сатысында оқыды. Мектеп Алматы көшесінің (қазіргі Емелев) бойында ескі үйде болатын, кейінірек ол мектеп таратылып, мекен-жайы бұзылды. Төртінші класты бітірген соң №14 мектепке ауысты. Бір ғажабы, мектеп қабырғасында жүріп-ақ, тау-кен инженері болуға бел байлаған болатын. Ал оған қалай қол жетті? Мектеп бітірген соң, жоспарлау органдарында статист болып жұмыс жасады, ал кешкілік институттың дайындық курсына оқыды. 1931-жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу түсті металдар институтына түсуге астанаға барды. 1936-жылы шілдеде Мәскеу түсті металдар мен алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, Қоңырат-Балхаш құрылысына жолдама алып, сол жерден еңбек жолын бастады. Мыс балқытатын комбинаттың негізгі шикізат базасы ретінде Қоңыраттық мыс-фарфор кен орны пайдала-

нылды, осы жерге Д.А.Қонаевқа жолдама берілді. Осында Д.А.Қонаев соқпа айналымы қопарғыш станоктың машинисі болып еңбек жолын бастайды. Көп ұзамай қопарғыш цехтың бастығы болып тағайындалды. Д.А.Қонаев қысқа мерзім ішінде түсті металлургияның барлық мекемелерімен, Қарағанды мен Ленгердің көміршілерімен және барлық қорғаныс кәсіпорындарымен іскерлік қарым-қатынас орнатты. Соғыс жылдарында Д.А.Қонаевтың басқаруымен Қазақстанда көптеген кен орындары, шахталар, фабрикалар салынып, іске қосылды.

Дінмұхамед Ахметұлы 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. 1952-жылы сәуір айында Қазақ КСР-нің ғылым Академиясының жалпы жиналысында ол тау-кен саласының ірі ғалымы ретінде академик дәрежесін алды. Сонымен бір уақытта Д.А.Қонаев Қазақ КСР-нің Ғылым Академиясының президенті болып сайланып, оны үш жылдан астам уақыт басқарып қазақстандық ғылымның дамуына үлесін қосты.

Д.А.Қонаев – үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденімен, басқа да ордендер және медальдармен марапатталған, бірқатар шет мемлекеттердің жоғары наградаларына ие болған. Дінмұхамед Ахметұлының ғылым мен мәдениет, әлеуметтік-экономикалық салаларды өркендету ісінде көпұлтты Қазақстан халқына сіңірген еңбегі мол. СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі бола жүріп ол өз қызметін әлемдік коммунистік және жұмысшы қозғалысын дамытуға, бейбітшілік, ұлттық қауіпсіздік және халықаралық саясаттарын жүзеге асыру мақсатына арнады. 1955-жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып бекітілді, 1960-жылы Компартияның бірінші хатшысы болып сайланды. 1962-жылы қайтадан республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасы болды да, 1964 жылы екінші рет Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып келді.

1950-1990-жылдары өнеркәсіп, ауылшаруашылық, құрылыс, транспорт, байланыс, ғылым мен мәдениет, халыққа білім беру ісі, денсаулық сақтау ісі, сауда мен халыққа тұрмыстық қызмет көрсету салаларында едәуір жетістіктерге қол жеткізілген болатын. Уақыт Д.А.Қонаевтың есімі мен атқарған істеріне үстемдік ете алмайды. Керісінше жылдар өткен сайын, ол өмір сүрген кезең алыстай берген сайын оның қызметінің нәтижесі одан бетер айқындала түсті. Дінмұхамед Ахметұлы – өз халқының ұлы көсемі. Партия оны қандай бір жұмысқа бағыттаса да, ол үнемі өзінің терең білімі мен тәжірибесін, ұйымдастырушылық қабілетін алға қойған мақсаттарына жұмсаған еді. Еліміздің бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жетуінде Д.А.Қонаевтың қосқан үлесі зор. Біздің мақтан тұтарлық ата-бабамыз баршылық: халқымыздың әйгілі хандары, сұлтандары, батырлары, билері, ақын-жазушылары және басқа да тұлғалар. Алайда осы тізбекте Д.А. Қонаевтың орны ерекше. Көш бастап қазақ халқын дүниенің түкпір-түкпіріне танытқан халқымыздың адал перзенті Д.А.Қонаев ұзақ жылдар бойы елімізді басқарып, экономиканың өркендеуіне, мәдениетіміздің гүлденуіне, халқымыздың тұрмыс дәрежесінің жақсаруына еңбек етті. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіне Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа қатысты жәдігерлерді Д.А.Қонаевтың мемориалдық пәтер-мұражайының ғылыми бөлімінің жетекшісі Жаннета Даулетқызы Серікбаева тапсырды. Өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған есім – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Қазақстан жазушылар
Одағының мүшесі.*

ОСНОВАНИЯ ПРЕКРАЩЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ АДМИНИСТРАТИВНЫМИ ГОСУДАРСТВЕННЫМИ СЛУЖАЩИМИ

В статье 61 Закона «О государственной службе Республики Казахстан» (далее - Закон), указаны 22 основания прекращения государственной службы административными государственными служащими, из которых 10 признаются как увольнение по отрицательным мотивам.

Так, в соответствии с пунктом 3 статьи 61 Закона административные государственные служащие, уволенные в соответствии с подпунктами 7), 8), 9), 11), 12), 13), 14), 15), 16) и 21) пункта 1 настоящей статьи, признаются уволенными по отрицательным мотивам.

В частности в данном пункте указаны такие основания как представление административным государственным служащим заведомо ложных сведений о доходах и имуществе, несоблюдение обя-

занностей и (или) ограничений, установленных законами Республики Казахстан, не передача в доверительное управление принадлежащих на праве собственности долей, акций (акцию), совершение административного коррупционного правонарушения и так далее.

Следует отметить, что после увольнения лиц, указанных в пункте 3 Закона, на них в соответствии с пунктом 6 «Правил ведения и использования учета лиц, уволенных с государственной службы по отрицательным мотивам», утвержденных Приказом Генерального прокурора Республики Казахстан от 29 апреля 2011 года № 39 (далее - Правила), кадровой службой в органы по Правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан направляется карточка формы № 1-ОМ,

которая в соответствии с пунктом 14 Правил хранится постоянно.

Таким образом, при желании гражданина уволенного по отрицательным мотивам вновь поступить на государственную службу при рассмотрении его документов данный факт будет отражаться в базе данных «Специальные учеты».

Также необходимо указать, что в соответствии со статьями 680 и 681 Кодекса об административных правонарушениях (далее - Кодекс), непринятие руководителями государственных органов мер по противодействию коррупции влечет штраф в размере ста месячных расчетных показателей, а принятие на работу лиц, ранее совершивших коррупционное преступление предусмотрен штраф в размере ста месячных расчетных показателей.

При этом данные статьи Ко-

декса являются коррупционными правонарушениями, за что в соответствии с пунктом 11) Закона влечет также увольнение по отрицательным мотивам.

В этой связи доводим до сведения, что каждому государственному служащему необходимо при выполнении своих должностных обязанностей строго руководствоваться законодательством о государственной службе.

*главный специалист
Управления по контролю
в сфере
государственной службы
М. Умуркулов*

«ҰЛЫ ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ»

Генерал – майор, совет одағының батыры, әскери қолбасшы Иван Панфиловтың туғанына 130 жыл



Панфилов Иван Васильевич 1893 жылы 1 қаңтарда Саратов губерниясының Петровск қаласында өмірге келген 1915 жылы Иван Васильевич Ресейдің императорлық әскери қызметіне шақырылады, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін әскер қатарынан босап, 1918 жылы туған қаласы Петровскіге қайтып оралады. Көп ұзамай кеңестік Қызыл Армияға қызметке қабылданып әскери өмірі қайта басталады.

Бірден, іске қызу араласқан И.Панфилов Чехословак корпусы бүлігін басуға, Уфа операциясы мен Царицын түбіндегі ұрыстардың бел ортасында жүріп, одан Кеңес-Поляк соғысына қатысып көзге

түскеннен кейін, 1920 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданады. Келер жылы, яғни 1921 жылы әскери қызметтегі ерен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Бұдан кейінгі жылдары да әскери қызметтегі еңбегі жемісті болып, 1939 жылы Бригада командирі болып тағайындалса, 1940 жылы 4-ші маусымда И.В. Панфиловқа генерал-майор шені беріледі.

Сөйтіп, 1941 жылы 14 шілдеде Ұлы Отан соғысындағы Кеңес одағының жүрегі болған Мәскеу үшін шайқастағы орасан ерліктерімен Кеңес Одағын дүр сілкінткен 316-шы дивизияны жа-

сақтауға бұйрық алады. Негізгі құрамы Алматы мен Фрунзенің (Бішкек), яғни, жергілікті қазақтар мен қырғыз азаматтары болды. Тарихтағы Панфиловшы 28 батырдың да даңқының шыққан кезі осы уақыт еді. Мәскеу облысының Гусенево селосында жаудың минометінің оғынан қаза тапқан И.В. Панфиловқа 1942 жылы, 12 сәуірде кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

«Ұрыстың ең қиын жағдайларында да Панфилов бөлімдерді басқара отырып, парасатты басшылық етті. Үздіксіз айлап, Мәскеу түбінде ұрыс салған дивизия бөлімдері өздерінің позицияларын ұстап тұрумен қатар, жойқын қарсы шабуылдарға шығып, жаудың 2-ші танк дивизиясын, 29-шы моторлы, 11-ші және 110-шы жаяу әскерлер дивизияларын талқандады, 9000 жау әскері мен офицерлерін, 80-нен астам танкін, көптеген соғыс құралдары мен минометтерін жойды», - деп жазды Батыс майданының қолбасшысы, армия генералы Г.К.Жуков Жоғарғы бас қолбасшының Ставкасына.

Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов Ленин, үш мәрте Қызыл Ту ордендерімен, «Жұмысшы-шаруа Қызыл әскеріне 20 жыл» медалімен марапатталған. Алматы облысының бір ауданы, Алматы қаласындағы көше И.В.Панфилов есімімен аталады,

Алматыда 28-гвардияшы-панфиловшылар атындағы парк бар, онда батыр-генералға ескерткіш орнатылған. Атақты қолбасшының өмірі мен қызметі жөнінде Б.Момышұлының «Генерал Панфилов», «Біздің генерал», Ф.Селифановтың «Панфиловшылар», П.Кузнецовтың «Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов», А.Усеновтің «Біз панфиловшылармыз» деген кітаптары жарық көрді.

Қалалық кітапханамыздың оқырмандарға қызмет ету бөлімінде Генерал-майор, Совет Одағының батыры, әскери қолбасшы Иван Панфиловтың туғанына 130 жыл толуына орай «Ұлы ерлік-ұрпаққа үлгі» атты Ерлік сағаты өтті. Іс шара барысында оқырмандарға өмір баянын айта отырып атқарған еңбектері тоқталдық, видеоролик көрсетілді.

Қорға келгенде осындай ержүрек батырларымызды, елдік, ерлік рухын асқақтататын, әрбір ұрпақтың рухани азығына алдағы уақытта да айналуға тиіс. Ірі қолбасшы ерен еңбегімен біздің мәңгілік жадымызда.

Тельтаева Г.О.
«Приозерск қалалық кітапхана» кмм-нің оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы

КРЕЩЕНИЕ ГОСПОДНЯ



Крещение господня: как празднуют Крещение в Приозерске - «морозные» фото с проруби! В ночь на 19 января в городе Приозерск была организована официальная купель на озере Балхаш, возле здания МЧС (водно-спасательной башни).



Купель была оборудована в виде деревянной ванны. Особое внимание уделялось мерам безопасности. Всебольшеверующих выбирают для

купания проверенные площадки. На подходе к купели дежурили полицейские. У самой купели несколько спасателей следили за окунающимися. Недалеко от купелей были установлены палатки, где можно было переодеться до купания и

согреться после. Также окунавшиеся могли получить горячий чай.

Султаналиев Ж.А.

ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ – КЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ДАЙЫНДАУ

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесі оқыту мен тәрбиелеудің құрылымы, мақсаты мен мазмұны, технологияның түбегейлі өзгерістерімен ерекшеленеді. Мұндағы мақсат жеке тұлғаның білім, білік дағдысын механикалық түрде дамыту емес, танымдық қабілеті дамыған және өзін - өзі көрсете алатын жеке тұлғаның ақыл – ойын, тұлғалық психикалық қасиеттерін дамыту.

ҰБТ - ны өткізу елімізде өте үлкен жауапты шараға айналды. Түлектің әрі қарай жоғары оқу орнына түсіп білімін жалғастыру, жалғастырмауы осы ҰБТ - нің қорытындысына тікелей байланысты. Сол сияқты біздің де мойнымызда алда үлкен жауапкершілік артылған тапсырма тұр. Ол ҰБТ - дан сүрінбей өту, қалаған ұпайларын алу. Бірақ, ол өздігінен келе қоймайды. Кез – келген талапкер үшін уақыт пен еңбекқорлық, ізденіс керек.

«Есте сақтау қабілетін дамыту үшін не істеу керек?»

1. Ең алдымен есте ұстау керек мәліметті бөліп алу керек.
2. Барлық зейінді есте сақтауға қажетті материалға шоғырландыру қажет.
3. Қажетті материалдың ішінен негізгісін және қосымшасын бөліп алған дұрыс.
4. Күрделі, қиын материалды есте сақтау үшін мазмұнын негізге алған жөн.
5. Өздеріңіздің есте сақтау қабілеттеріңізге сенімді болыңыздар және оны үнемі жаттықтырып тұрыңыздар.
6. Жүйелі түрде қайталап есте сақталған материалды қайта жаңғырту керек.
7. Тану мен қайта жаңғы-

ртуды араластырмаңыздар.

8. Қайта жаңғырту қиын болған жағдайда сол сәттегі жағдайдың әрбір оқиғасын жекелеп еске түсіріңіздер.

9. Естеріңізде болсын жүйкеге шамадан тыс күш түсіру мен маза-сыздық - еске сақтаудың ең бірінші жауы. Есте жақсы сақтау үшін денсаулық мықты болу керек.

10. Еске сақтауды жаттықтыру барысында Зейін, Байқағыштық және Ерік процестерін ұмытпаңыздар.

11. Таңертеңгілік 8 - 12 сағ. арасында еске сақтауды жаттықтыру жұмысы жемісті нәтижені береді.

Еске сақтаудағы маңызды құпия – ЭМОЦИОНАЛДЫ ЕСТЕ САҚТАУ.

Стресті жеңу үшін не істеу қажет?

Біріншіден: стресс кезінде ағзада витаминдер қоры бітеді, әсіресе, В витамині жетіспейді. Дәрігерлердің көбі витаминдерді пайдалану қажет десе де, шаманыз келсе пайдаланбаған жөн.

Екіншіден: денені шынықтыру қажет. Спортзалға жиі барып дене шынықтыру жаттығуларын жасандар, билеңдер, ән айтындар, бассейнге барып жүзіндер, далада көп серуендеңдер.

Үшіншіден: психикалық және физикалық демалу үшін релаксация қажет. Келесі әдістерді қолданып көріңіздер: баяу музыканы тыңдап, түнгі аспанға қарап армандандар.

Төртіншіден: үйлесімді өмір сүру үшін ең алдымен отбасының, жолдастарыңның, жақын - туыстардың көмегі қажет. Психологиялық тренингтерге барып, жанұядағы салтанатты мәжілістерге, тойларға баруды және қызықты жаңа адамдармен та-

нысуды ұмытпаңыздар. Ата - аналарыңа, өздеріңнің әжелері мен аталарыңа, ағаларың мен апайларыңа және басқа жақын - туыстарыңа барып, амандығын білуге тырысыңыз. Өйткені, олар да сізден махаббат, қамқорлық, мейрімді жылы сөзді күтіп отыр.

Ата – аналарға алты кеңес Балаңызға ұрыссыңыз, ол сізге өшіге түсуі мүмкін. Қайта бойында дөрекі мінез біткен балаңыздың көзқарасын өзгертіп, өзіңізбен тіл табуы үшін жылы сөйлесіңіз.

1. Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болуы керек. Ол үшін таңертең баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз, ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғандығын көру керек.

2. «Сен жалқаусың, дөрекісің, ақымақсың» деген сөзді ешуақытта ауызыңыздан шығармаңыз. Қайта: «Сенің кешке дейін түк бітірмей жататының жаныма батады. Ішің пысқан жоқ па? Бір кішкентай ғана іс істесең, біз саған рақмет айтар едік» деген құлаққағыс айтып қойыңыз.

3. Баланың тентектігін «тентек» сөзбен бетіне басуға болмайды. Дауысыңызды жұмсартып, жүрегіне жетерлік жылы сөз айтыңыз.

4. Мектепке жиі келіңіз. Атақты педагог В. Сухомлинскийдің «Отбасы мен мектеп тәрбиесі біріккенде ғана толық тәрбие болады» деген сөзін ұмытпаңыздар.

5. Ер жеткен баланы тындамауға болмайды. Кейбір сауалдарға жауап бермесе, үндемеңіз. Егер абайсызда ұрыса қалсаңыз, артынан кешірім сұраңыз. Сіздің кешірім сұрауыңыздан кейін ол

мүлде жақсы қырынан көрінуі мүмкін.

6. Бар нәрсені жасырып, ұл – қызыңызға жоқтан басқаны айтудан сақ болыңыз.

Оқушыны психологиялық жағынан ҰБТ - га дайындауда ата - аналарға кеңес.

1. Балаңыздың ҰБТ - ға барар алдындағы алдын - ала тестілеу кезінде алып жүрген ұпайларына немқұрайдылықпен қарамай, дұрыс ақыл - кеңес беруге тырысыңыз.

2. Балаңыздың күнделікті ҰБТ - ға дайындалатын белгілі бір уақыт, орны болуына жағдай жасаңыз.

3. Балаңыздың көңіл - күйіне, денсаулығына әрқашан назар аударып отырыңыз.

4. Балаңызды алдағы уақытта жетістікке жететініне үнемі сенім артыңыз.

5. Балаңыздың дұрыс тамақтануына, әсіресе есте сақтау қабілетін арттыратын жеміс - жидектерге, дәрумендерге көп көңіл бөліңіз және қамтамасыз етіңіз.

6. Балаға шамадан тыс ауыртпалық жүктеп, шаршатпаңыз. Дұрыс дем алуын қадағалаңыз.

7. Ешқашан балаңызды сынап - мінемеңіз. Ақылмен ұғындырыңыз. Сабырлы болуға баулыңыз.

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің педагог-психологы Наушаруанова Турсынкуль Адилхановна

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР



**КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР
КАДРОВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ**

Конкурстық комиссия шешімімен және қала әкімінің өкіміне сәйкес, «Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ бөлім басшысы болып Каскатаев Айдын Қайратұлы тағайындалды. Айдын Қайратұлы 1988 жылы Шет ауда-

нында дүниеге келген. 2017 жылы - Орталық - Қазақстан Академиясын бітірген. Мамандығы - мемлекеттік және жергілікті басқару.

Жалпы еңбек өтілі 11 жыл, оның ішінде мемлекеттік қызметте 3 жыл.

Решением конкурсной комиссии и распоряжением акима города руководителем отдела ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск» назначен

Каскатаев Айдын Қайратович. Айдын Қайратович родился в 1988 году в Шетском районе. В 2017 году окончил Центрально-Казахстанскую академию.

Специальность - Государственное и местное управление.

Общий стаж работы 11 лет, из них на государственной службе 3 года.

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Абдукадирова Майрамбек Берденовича, умершего 09.01.2023 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам которым гр. Абдукадиров Майрамбек Берденович, имел обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Сайлау Смагуловичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 2. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданки Юсуповой Рабига, умершего 30 сентября 2009 года и Берсигурова Берекат Аширбекович имели обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Сайлау Смагуловичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 2. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №3/29, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.